

ЯДРОЛЫҚ ПОЛИГОНДАР ЕЛІ

1

Қазақ тарихындағы қаралы, адамзат тарихындағы зұлмат күн – 1949 жыл, 29-тамыз – Семей атом полигонында советтік ең алғашқы атом бомбасы сынақтан өтті. Содан тура қырық жыл бойы ежелгі қазақ жері дию-перінің үздіксіз дүмпуінің астында қалған. Осы кезеңде, бүкіл әлемнің болашақ апатын көтеріп алған тозақ аймағында әртүрлі сыпаттағы аса қуатты термоядролық бомбалар 467 рет жарылыпты. Соның 124-і жер бетінде және ауада сыналған. Семей атом полигоны қазақ еліне, қазақ жеріне адам айтқысыз қасырет әкелді. Ескі жырларда айтылатын: “Ақырзаман болғанда тау құлайды, – Таудың тасы баурына салдырайды...” – деген сөздер шындыққа айналды. Тау құлады, тас уатылды, жер уланды. Ортасынан ойып орнаған атом полигонымен жапсарлас Семей, Қарағанды, Павлодар облыстарының шегіндегі бір жарым миллион халық өлім қаруының күш-қуатын айқындайтын тәжірибе жандықтарына айналды. Радиоактивті заттар бүкіл ағзасын улаған он мыңдаған адам айықпас ауруларға шалдықты. Жас нәрестелер бесікке жетпей жарық дүниемен қоштасты. Мүгедек, жарымжан балалар туды. Сап-сау, жап-жас жігіт өзіне өзі қол жұмсайтын, бұрынғы-соңғы ешбір ғылымға белгісіз, жаңа бір дерт пайда болды. Ерлер қуатынан жаңылып, әйелдер құрсағынан қайтты. Соғысқұмар Ресейдің Королев, Сахаров сияқты дию-пері оқымыстылары ойлап тапқан апат нәтижесінде сүйекке сіңген наукас пен дерт тұқым қуалай бастады. Термоядролық сынақтар енді бес-он жылға созылса, полигон аймағы мүлде тып-типыл болып, қазақтың қалған жерін де айықпас сырқат шалатын еді. Бірақ Абай атамыз айтқандай, зұлымдық мәңгі тұрмайды екен. Советтік темір тор қақырап сөгіле бастады. Өзінің ұрпағын сақтау жолындағы күреске бүкіл қазақ халқы көтерілді. Атақты ақын Олжас Сүлейменов бастаған “Невада-Семей” қозғалысы бүкіл әлем жұртшылығы тарапынан қолдау тапты. Ақыры, аждаһаның аузына қақпақ қойылды. 1991 жылы 19-тамыз күні Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев Семей полигонын жабу туралы жарлық берді. Сөйтіп, төңірегіне ажал сепкен атомдық полигондағы сынақ атаулыға біржола тиым салынды.

Үш жыл. Тарих үшін қас қағым ғана сәт. Бірақ адам өмірі үшін аз уақыт емес. Осы үш жыл ішінде елімізде қаншама өзгерістер өтіпті. Коммунистік қызыл империя келмеске кетті. Қазақстан өз тәуелсіздігін алды. Кешегі қаңырап қалған жерге қайтадан ел жинала бастады, атомдық сынақтар кезінде еріксіз таратылған Абралы ауданы қайта құрылды. 1928 жылы, алғаш рет шаңырақ көтергенде осы Абралы ауданында 6131 түтіннен құралған 29 мың 812 жан бар екен. Бүгінгі Абралы ауданының халқы осының үштен бірі ғана. Әуелі колхоздастыру кезеңі мен ашаршылық жалмады, одан ел енді ғана ес жия бастағанда совет-герман

соғысы басталды, бұдан соң атомдық апат қалған жұртты ту-талақай етті. Бірақ орнында бар оңалар деген, ата мекендегі жұрттың тамыры біржола қиылмапты. Бұл – бір Абралы ғана емес, бүкіл полигон аймағы, қала берді барлық қазақтың басындағы жағдай. Халық қайта оралған жерінде түтін түтетіп жатыр. Әрине, атом сынағы өткен улы ошақтар ондаған, жүздеген жылдар бойы адам өмірі үшін қатерлі аймақ болып қала бермек. Бірақ сынақ ошағының таяу төңірегі қырық жылғы жарадан бірте-бірте оңалып келе жатқан сияқты. Елге қатынаған адамдардың айтуынша, тасы үгітіліп, табаны шайқалған Дегелең, Мыржық тауларында қазір тышқан жорғалап, құс ұша бастаған, арқар, киік те бой көрсетеді дейді. Атам қазақ мың жыл бойы су ішкен, кешегі атомдық сынақ күндерінде тандыры кеуіп, құрғап қалған бұлақтардың көзі қайта ашылыпты. Ғалым мамандардың айтуынша, атомдық жарылыстар нәтижесінде жер қыртысы қозғалып бұлақ көзі тұншыққан екен, енді, сілкіністер тоқтаған шақта мөлдір су қайтадан жер бетіне жол тапқан. Тексеріп қарағанда, бұл бұлақ сулары радиациядан аман, таза болып шыққан. Рас болса, жалпы Абралы аймағында, жұрт қоныстанған жерде радиация дәрежесі қалыпты мөлшер деңгейінде көрінеді. Қасиетті жер қараниет адамдар салған жарадан бірте-бірте арылып, өзін өзі тазартып жатқаны қуантады.

Бірақ Семей полигонының аймағы, қазақ жері у мен дерттен біржола құтылған жоқ. Қауіп-қатер дәл қасымызда тұр. Ақпарат құралдарының хабарына қарағанда, тақау күндерде полигон аймағында іссапарымен болып қайтқан халықаралық МАГАТЭ ұйымының арнайы комиссиясы бұл атыраптағы жұрттың қатерден сақтану дәрежесі мүлде қанағаттанғысыз деген қорытынды шығарған көрінеді. Комиссия мүшелері бұрынғы полигон өңіріндегі қазіргі іс жағдайынан мүлде түніліп, республикалық Ядролық орталық және тиісті әкімшілік өкілдеріне: “Бұл қалай, жергілікті жұрт ең аяғы, қай жердің қаншалық қатері барын білмейді екен, радиациямен айрықша уланған тұстардың өзі алаң-ашық жатыр, әлде сіздерді сақтандыру үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының жарлығы керек пе?” – деп сұрапты. Бұл сөз бізге шапалақпен салып жібергендей әсер етті деп мойындайды Республиканың экология және табиғат байлықтары министрлігінің бір жауапты қызметкері. Шынында да, өз жайымызды ең алдымен өзіміз ойлауымыз керек қой.

Кезінде полигон аймағына 18 мың шаршы шақырым жер кесілген екен. Қазір соның бестен төрт бөлігі тіршілікке жарамды деп табылып отыр. Сонымен қатар, бұрынғы полигон астындағы біраз жер әлі де тартына тұруды тілейтіні, ал 720 шаршы шақырым жер адам өмірі үшін аса қатерлі, улы деп танылғаны мәлім. Әсіресе, ядролық сынақ орнында пайда болған Атом көлінің төңірегі жан иесінің қандайына болмасын қауіпті. Бұл тұстарда жер бетіндегі радиация сағатына 4-5 мың микронентген мөлшерінде. Алайда, бұрын әскери күзеттегі, ешкім жіберілмейтін мұндай өлім шаршылары полигон жабылғаннан бері мүлде ашық қалған. Малың баққан, пішен шапқан, немесе басқадай шаруасын күйттеген жергілікті жұрт қай шамада қаншалық сұмдық барын білмейді. Әйтеуір бұрынғы тарсыл басылды ғой, зиянды болса бұлай ашық жатпас

еді деген долбармен радиациялы аймақта еркін жүре береді. Республикалық экология және табиғи байлықтар министрлігінің радиоэкология басқармасы қызметкерлерінің пікірінше, бұл ретте бар пәле жергілікті жұрттың ғана улануымен шектелмейді, кеселді жерде жайылған малдың сүті мен еті де уланған, яғни, бұл ауылдан келген өнімдер жалпы жұрт үшін қатерлі болып табылады. Осы орайда, полигон зардабынан сақтану – кезек күттірмес шаруа болып отыр. Мамандардың айтуынша, ең алдымен бұрынғы полигон аймағының радиациялық картасы жасалып, оның бүге-шігесімен жергілікті жұрт жақсы таныс болуы қажет. Содан соң айрықша улы шаршылар қоршауға алынып, тым құрса қатер белгісін ескерткен қарақшылар қойылуы керек. Бұл – ең бірінші кезекте атқарылатын іс. Көп қаражат тілемейтін, қолдан келетін шаруа. Бұдан соңғы, күрделі мәселелер қаншама. Қазақ жеріне қырық жыл бойы ажал шашқан Семей полигонының зардабынан біржола арылғанша қаншама ұрпақтың өмірі өтпек.

2

Семей атом полигоны және оның ауыр зардаптары жалпы жұртқа белгілі десек, қазақ жерінде дәл осыған жуық тағы бір атом полигоны барын көпшілік біле бермейді. Бұл – Батыс Қазақстан, Нарын құмындағы Капустин Яр полигоны деп аталатын сұмдық аймақ. Мамандар Капустин Яр – өзінің жер көлемі жөнінен алғанда және термоядролық бомбалар ғана емес, қару жарактың басқа да қаншама түрі сынақтан өтетін әмбебаптығы тұрғысынан алғанда тек Совет Одағы ғана емес, әлемде теңдесі болмаған айрықша полигон деп есептейді. Енді бір ерекшелігі – бұл полигонда атом сынақтары елді мекендерге тым жақын жерлерде өткен. Мәселен, мұндағы ең әуелгі жер астылық атом сынағы Азғыр деген ауылдан бір жарым шақырым ғана жерде болыпты. Жарылыс кезінде радиациямен уланған мыңдаған тонна топырақ жер бетіне қопарылып шыққаны өз алдына, қолдан жасалған апаттан соң жиырма күн бойы жер астынан улы газдар тоқтаусыз бұрқырап жатқан екен. Қазір Ресейде ғана емес, батыс елдерінде де адамгершілікті ту етіп көтерген демократ ретінде мадақталатын академик Сахаров пен ұлы ғалым санатындағы Курчатов бастаған совет атомшылары бұл істің ауыр зардабын, ешқандай адамгершілік қағидасына сыймайтынын білді, бірақ бұл советтік отаншыл оқымыстылар полигон аймағындағы тегі бөлек, түсі бөлек біздің халықты тәжірибе құралы деп қана қарағаны күмәнсіз. Өйткені, Капустин Яр полигонының Ресей Федерациясы Астрахань облысы шегіне енетін бөлігінің өзі ежелгі қазақ жері, қазір де қазақ ауылдары отырған аймақ болатын. Міне, осы аймақта 29 ядролық жарылыс жасалыпты, оның 10-ы ауада, 19-ы жер астында өткерілген;

Семей полигонына сыймаған советтік соғысқұмарлар Капустин Яр аз көрініп, кейде ешқандай сынақ есебінде жоқ Маңғыстау даласына, Ақтөбе өңіріне шығып кететін болған, осы жылдарда Батыс Қазақстан аймағында жиыны 40 рет термоядролық бомба жарылыпты. Мұндай жарылыстардан

соң кейбір атом ошақтарынан он-он бір ай бойы радиоактивті газ атқылап жатқаны туралы қазір белгілі болып отыр. Совет қарулы күштері бұл өңірде тек атомдық сынақпен ғана шектелмеген. Мәлім болған деректерге қарағанда, Капустин Яр полигонында әскери қарулар мен техниканың 177 түрі жан-жақты сынақтан өткен, оның 159-ы сәтті деп танылып, соғыс өндірісіне қабылданған. Оның үстіне 24 мың рет әртүрлі сыпаттағы басқарылмалы ракеталардың үлгілері сынаумен жарылған. Әскери ұшақтар Нарын құмы ғана емес, одан бергі бүкіл Жайық бойында, елді мекендердің үстінде тапа-тал түсте ракета атып, соғыс ойындарын жүргізуді машығына айналдырыпты. Қазір ұшу тоқталмағанымен, жарылыстар азайған. Бірақ ұлы ақынымыз Махамбет:

Біздің анау Нарында
Бір төбелер бар еді,
Айналасы ат шаптырса жеткісіз,
Қиқулай ұшқан қырғауыл,
Күніне құлан да басып өткісіз;
Қойды мыңға толтырған
Сол Нарынның құмдары,
Түйені жүзге толтырған
Көкпекті шайыр шымдары, –

деп мадақтаған құт мекеннің сұры қашқан. Ядролық, ракеталық жарылыстар болған жерлерде үлкенді-кішілі улы көлдер пайда болған. Олардың кейбірін сор басып, кеуіп, радиоактивті тұз бен топырақ желмен ұшып төңірегіне таралып жатыр. Жер асты сулары да жүлге-жүлгесімен уланған. Соншама уақыт сынақтан соң бұл өңірдегі жұрттың да денсаулығына зор нұқсан келген. Семей полигонына тән дерт атаулының бәрі Нарын жұртшылығының да басына түскен. Алайда біртұтас қазақтар ғана отырған Нарындағы жағдай батыс елдеріне ғана емес, республиканың өз ішінде көпшілікке жете танылмай отыр. Совет тұсында құрылып, өткен жылы өздігінен тараған Жоғарғы Кеңес атышулы Семей полигоны аймағындағы халықтың қоғамдық және әлеуметтік жағдайын ескеру туралы арнайы қаулы қабылдағанда, Нарын полигонын мүлде қаперге алмады. Бұл ретте үнсіз қалды деп, осы аймақтың халқын кінәлауға болмайды. Қазір Батыс Қазақстанда “Нарын” атты қоғамдық қозғалыс іске қосылды. Бұл қоғам енді Қазақстан жеріндегі Капустин Яр аталатын полигонды біржола жабуды талап етіп отыр. Сонымен қатар, Нарын өңірін экологиялық апат аймағы деп тану, атомдық және ракеталық сынақтардан зардап шеккен халықты қоғамдық-әлеуметтік тұрғыдан қорғау, аймақтағы дәрігерлік көмекті дұрыс жолға қою және басқа да талаптар бар. Ғасырлар бойы ата қазақтың құт мекені болған, от тілді ақындарды, арыстан жүрек батырлары туғызған Нарынға енді бүкіл республика болып назар аудармасақ, біздің елдігімізде мән қалмайды.

Тапа-тал түсте, ел аман, жұрт тынышта бейбіт жатқан қазақ ауылының дәл іргесіне жасындай зымырап, бұрқ етіп ресей ракетасы түсіпті. Тағы да адасып келді деседі білетіндер. Қазір Ресейдің әскери ракетасының екеуінің бірі адасып, қазақ қонысына келіп құлайтын болды, бірақ адасқанның алтауының бірі жарыла қалса не болмақ. Бұл жолы Батыс Қазақстандағы Азғыр өңіріне, Балқұдық ауылының іргесіне келіп түскен ракета, әлде жарылғышы от алмады ма, әлде басқадай бір кілтипаны болды ма, әйтеуір құдай оңдағанда жарылмапты. Ракетасының қай тарапқа қарап адасатынын жақсы білетін Ресей әскерилері көп ұзамай, Балқұдыққа келіп жетіпті. Қандай сыпаттағы ракета екені мұндағы жұртқа белгісіз, пәлекетті түскен нүктесінен жарты шақырымдай, тасалау жерге сүйреп апарып, өртеп жіберген. Болды. Өттеген-ай да жоқ, ұят болды-ау да жоқ, тағы бір жоспарлы ісін табыспен аяқтап, кері қайтқан. Әлбетте, Ресей әскерилерінің мұндай ойынынан әбден запы болған ауыл адамдары тезінен облыс орталығына, милицияға хабарлаған. Ондағы жұрттың қолынан не келеді, әйтеуір кісі өлімі жоқ, бәрі аман деп естіген соң асықпай, он бес күннен соң әрең жетіпті. Ресей әскери ракетасының Қазақстан тарабына адасқан кезекті сапары туралы облыстық қауіпсіздік комитетінің де құлағына тисе керек, қазір тексеру жүргізіп жатқан көрінеді. Бұдан бұрын да көрген, бұдан бұрын да тексерген. Бұдан да сорақысы болған, тексергенмен ешқандай нәтиже шықпаған. Осы биыл, маусым айында Азғыр ауылының дәл іргесіне жабайы ракета емес, кәдімгі әскери ұшақ келіп түскен. Ұшқышсыз басқарылатын, сынау үстіндегі ең жаңа, ең қуатты барлаушы ұшақ болса керек. Ақпарат құралдарының хабарлауынша, Азғыр ауылының барлық баласы бір қарық болып қалыпты. Қазіргі бала техника тіліне жетік қой. Иесіз ұшақ екенін көре салысымен жапырлап барған да, айналасы бірер сағатта барлық тетігі мен темірін бұрап алып, ойыншық қылып әкеткен. Ертеңіне ме, арғы күні ме адасқан ұшағын қуып жеткен Ресей әскерилері барлаушы темір самұрықтың қалқиған қаңқасын ғана көріпті. Мәскеуден бастап шығатын ақпарат құралдары “міне қызық” деп мәз болған. Шындығында, күлетін ештеңе жоқ еді. Егер әлгі ұшақта бомба, снаряд, немесе басқадай бір қатерлі зат болса кайтеді. Әлгі ракета борс етіп жарылса жаңағы ауылдан не қалады.

Қазір Ресейдің Капустин Яр полигоны іргелей орналасқан Батыс Қазақстан өңірі ғана емес, Байқоңыр ғарыш айлағынан көтерілген ғарыш кемелері әуеден жол сызып өтетін бүкіл Орталық Қазақстан аймағы аспаннан темір жауатын қатерлі өлкеге айналды. Кезекті ғарыш кемесінің құйрығынан үзіліп түскен темір басқыштардың өрістегі малды жайратқан мысалдары көп. Қазақтың туы тігілген қасиетті Ұлытау өңірі қазір Ресей ракеталарының қалдығы аспаннан құлайтын қоқыс алаңына айналған. Байқоңырды – жалға беріп, өз басымызға тілеп алған пәле екен дейік. Алдағы жиырма жыл бойы төбемізден темір жауғанға шыдайық дейік. Ал бүкіл Батыс Қазақстанды жалға берген жоқ едік қой. Ел аман, жұрт тынышта көрші мемлекеттің соғыс ракетасы неге төбемізден келіп түседі?

Шын адасты ма, әлде қазақтың кегі жоқ, жері тегін, әйтеуір бір шамадан шығар деп, әдейі бағыттап жіберіп отыр ма. Қайткенде де жауапсыз қалатын іс емес. Республика өкіметі, қорғаныс министрлігі мен қауіпсіздік орындары бұл іске тоқтау салуы қажет. Бала-шағаның өзі тас лақтырып ойнамайды.

Отарлық заман, советтік дәуір өтті дейміз. Ресейдің әскери ұшақтары Қазақстан аспанын әлі күнге еркін тілгілеп жүр. Батыс Қазақстанның жарым жерін басқан Капустин Яр әскери полигоны өз күшінде. Ал атақты Байқоңырды берісі жиырма жылға Ресейге бердік. Қалаған уақытында қалаған пәлесін аспанға ұшырады. Жеріңізді улағаны, көгіңізді былғағаны тұрыпты. Бүгін барсыз, ертең қақ төбеңізден қандай тас түсерін өзіңіз де білмейсіз. Сонда қазіргі тәуелсіз кезеңнің кешегі отарлық заманнан қанша айырмасы бар? Рас, империя шеңгелінен бірер күнде құтылу қиын. Әйткенмен, түптің түбінде шын мәнісіндегі еркін ел боламыз десек, аспанымыздың ашық болуын осы күннен бастап ойлауымыз қажет. Көпекөрнеу шығын келтірмегеннің өзінде, әлгіндей аспаннан түсетін ракета қондырғылары, адасып кеткен әскери ұшақтар, алжасып түскен ракеталар түгелдей есепке алынып, соның әрқайсысы үшін төлем және айып талап етуге тиіспіз. Қай күні төбемізді теседі деп бұға берсек, бұдан да зор құқайға жолығамыз.

28.X.1994.